 - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням вимог Інструкції з експлуатації та правил техніки безпеки;
 - Відкладання вапняного осаду, водного каменю та накипу внаслідок використання води з високим вмістом мінеральних речовин.
 - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
 - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
 - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами*;
 - Самостійного розбирання приладу, не передбаченого Інструкцією з експлуатації, або будь-якого іншого втручання у його конструкцію.
 5. Ця гарантія діє за умови пред'явлення оригіналу цього гарантійного талона, оригіналу товарного чека, виданого продавцем, та виробу, у якому виявлено дефекти.
 6. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.
- З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

У разі виявлення несправностей обладнання необхідно негайно зв'язатися із сервісним центром.

*Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: www.polar.ru.

Постачальник не несе жодної відповідальності за збитки, пов'язані з пошкодженням виробу під час транспортування, внаслідок некоректного використання, а також у зв'язку із модифікацією або самостійним ремонтом виробу.

**Тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін
вертикальды үтіктегіш құрылғы
POLARIS
Үлгісі PGS 2230VA**

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар мен кеңестер берілген. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Жалпы мәлімет

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, үлгісі PGS 2230VA POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын, киім үтіктеуге арналған тұрмыстық электрлік тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін вертикальды үтіктегіш құрылғы (бұдан әрі мәтін бойынша – тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегіш, ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін вертикальды үтіктегіш құрылғы, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелерімен танысуға арналған.

Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар

- Бұл киім үтіктеуге арналған тұрмыстық электрлік тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы осы нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс.
- Бұл электрлік ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін құрылғыны пайдалануды бастамас бұрын, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде, толығымен мұқият оқып шығыңыз.
- Әр жолы құрылғыны іске қоспас бұрын, оның электр желілік баусымын және де, бу түтігін мұқият түрде қарап шығыңыз, олардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны ешбір жағдайда электр желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Бұл электрлік ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін құрылғы және оның электрлік желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
- Электр желіге қосылып тұрған үтіктегіш құрылғыны қадағалаусыз қалдыруға болмайды! Егер Сіз құрылғымен пайдаланбасаңыз, онда оны әркез сөндіріп, оның электрмен қоректендіретін электр желілік баусымын электр желісінен ажыратыңыз.
- Аталған құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану үшін білімі мен тәжірибесі жоқ не оны қолдана білмейтін немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.

- **Назар аударыңыздар! Бұл ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Электрлі тоқпен зақымданбау үшін ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны, оның электр желілік баусымын, сондай-ақ электр желілік баусымның штепсельді ашасын суға немесе өзге де сұйықтықтарға батырып салуға тыйым салынады. Ылғал қолыңызбен құрылғыны ұстауға мүлдем болмайды. Құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желісінен ажыратып алу қажет.
- Бұл электрлік бумен жібітіп үтіктейтін құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп шығуы керек.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны тек ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Құрылғының электр желілік баусымның айыртығынын электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны тек қана жерге тұйықталған желіге ғана қосуға қажет. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш немесе жалғастырғыш құрылғыны және үшжақты жалғаулық секілді ұшайыр біріктіргіш құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Ұзартқыш не жалғастырғыш құрылғыны пайдаланудың алдында, оның жерге тұйықталғанына және зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Бұл ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, оны тазартпас бұрын немесе құрылғы сынып қалса, сондай-ақ құрылғының бөліктері мен бөлшектерін орнатпас бұрын немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, оны әрдайым желіден ажыратыңыз.
- Құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электр желілік баусымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, құрылғыны оның электрмен қоректендіретін электр желілік баусымнан ұста, тартқылап, электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Құрылғының электр желілік баусымын электрлік қоректену желісінен ажыратқан кезде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігінен ұстаңыз.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін, оның электрлік қоректендіргіш баусымын құрылғыға айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл баусымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда құрылғының электрлік қоректендіргіш баусымын дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Құрылғының электрмен қоректендіретін электрлік желілік баусымын тек қана техникалық білікті мамандары – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін бұл электрлік құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек техникалық білікті мамандары ғана, яғни қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ғана жүзеге асыруы керек.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғы еденге, жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғыда қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, оны пайдаланбас бұрын, қызмет көрсету мәселелері бойынша өкілетті қызмет көрсету орталығының қажетті біліктілігі бар маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеруі тиіс.

Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі арнайы нұсқаулар



- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегіш құрылғыны өзге де электр құралдармен бірге ұшайыр арқылы электр желіге қосуға тыйым салынады.
- Құрылғыны пайдаланудың алдында, оның электр желілік баусымын, сондай-ақ бу түтігін де мұқият түрде қарап шығыңыз, олардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Құрылғының электр желілік баусымы немесе бу түтігі бүлінген немесе зақымдалған болса құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны бөлшектеу мен тазалаудың алдында, сонымен қатар құрылғының суға арналған резервуарына суды құю немесе төгу алдында, сондай-ақ құрылғымен пайдаланбаңыз бумен жібітетін үтітегіш құрылғыны әрдайым сөндіріп, электр желіден ажыратыңыз.
- Электр желіге қосылып тұрған бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны қадағалаусыз қалдыруға болмайды. Үтіктеп жатқан бөлмеден шығар алдында, бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны жалғасып тұрған электр желісінен ажыратыңыз, Сіз бөлмеден аз ғана уақытқа шығатын болсаңыз да, бұл ережені жоққа шығаруға болмайды, қашанда бөлмеден шығар алдында үтіктегіш құрылғыны электр ток көзінен ажыратыңыз.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны жұмыс барысында көтеріп тасымалдамаңыз және қисайтпаңыз. Үтіктеу барысында құралдың орнын ауыстыруға және қисайтуға болмайды. Бумен жібітетін үтіктегіш құрылғыны тек еденге орнатыңыз, орындық пен үстелді бұл үшін пайдаланбаңыз.
- Бу түтігінің бүгілмеуін алдын алу және будың еркін түрде шығуын қамтамасыз ету үшін үтіктеу барысында телескоптық тіреуі толығымен шығарылуы тиіс, бұл бу түтігінің майысуын болдырмау және будың еркін түрде шығуы үшін қажет.
- Құралдың зақымдалмауы мен будың бос жіберілмеуі үшін бу түтігін күш салып тартуға болмайды. Құрылғыны жылжытып, оның орнын ауыстыру үшін оның бу түтігін (бу құбыршегін) пайдаланбаңыз.
- Егер құрылғы іске қосылып тұрған кезде, құрылғының сыртқы бөлігінен жұмыс барысында будың шығуы байқалса, бу түтігінің (бу шлангісінің) қысылмағанына және майысып қалмағанына, сондай-ақ, субүріккіштің саңылаулары бітеліп жабылмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыдағы субүріккіштің саңылауларынан ағылатын ыстық сумен күйіп қалмау үшін құрылғыны әрбір қолдану алдында қарап шығыңыз және электрлік үтіктегіш құрылғыны іске қосу барысында оны өзіңізден алшақ ұстаңыз.
- Бумен үтіктеу барысында электрлік үтіктегіш құрылғының бу түтігінің тік қалпында болатындай етіп ұстаңыз, ыстық судың шашырауына жол бермеу үшін көлденең түрде үтіктемеңіз және ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегішті артқа қарай қисайтпаңыз.
- Жұмыс барысында күйіп қалмау үшін құрылғыны оның арнайы тұтқасынан ұстай отырып, қолыңызда ұстаңыз, өйткені үтіктегіш құрылғының жоғарғы бөлігі жұмыс барысында қатты қызады, сондықтан сол себепті де, бу ағының дененің ашық бөлігіне қарай беттемеңіз және бу шығатын саңылауларынан кем дегенде 20 см қашықтықта ұстаңыз.
- Құрылғыдағы субүріккіш шүмегі жағында орналасқан бу шығатын саңылауларын жауап бітемеңіз және оларға бөгде заттарды салмаңыз.
- **Адамның үстіндегі киімді ыстық бумен жібітіп булап үтіктеуге тыйым салынады және адамның үстіндегі киімде қыртыстарды жазуға болмайды.**
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегіш құрылғыны қосылу күйінде іске қосылып тұрған электр не газ пештің жанында немесе басқа да жылу шығаратын көздерінің жанында пайдалануға болмайды. Құрылғының электр желілік баусымның және де, оның бу түтігінің ыстық заттармен, үтіктің табанымен және өткір қабаттармен жанасуына жол бермеңіз. Құрылғының электр желілік баусымның және де, оның бу түтігінің оқшаулауын зақымдамаңыз.
- Құрылғыны тік күйінде тегіс, ылғалды өткізбейтін, яғни ылғалға төзімді қабатта тігінен орнатыңыз, оны көлденең орналастырып, орнатпаңыз және кері қаратып аударуға болмайды.
- Құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кіретін қондырмаларды ғана қолданыңыз.
- Бұл құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырған кезде әрдайым судың қажетті мөлшерін қадағалаңыз, құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру барысында, оны судың максималды мөлшерінен, яғни су деңгейінің максималды мүмкін көрсеткіші бар меже сызығынан асыра толтырмаңыз.
- Құрылғының суға арналған резервуарында су жоқ болса үтіктегіш құрылғыны іске қоспаңыз. Құрылғының суға арналған резервуарында судың мөлшері азайғанда тез арада құралғыны сөндіріңіз.

- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны, яғни құрылғыдан шығатын бу ағынын адамдарға, жануарларға, бөлмедегі өсімдіктерге, сондай-ақ жиһазға, кітаптарға, электр құрылдарға, сондай-ақ ыстық бу мен ылғал әсерінен зақымдалатын кез келген заттарға бағыттауға тыйым салынады.
- Құрылғыны бөлшектеу мен қызмет көрсету алдында, құралдың толық салқындауын күту қажет (ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны сөндіргеннен кейін ол толық суығанша кем дегенде 5 минут күте тұрыңыз), әйтпесе, ыстық сумен күйіп қалу қауіпі бар. Құрылғының алынбалы құрылғылар құрғақ және салқын болуы тиіс.
- Құрылғының суға арналған резервуарына сірке қышқылын немесе қақ тазартуға арналған арнайы заттарды құюға болмайды. Құрылғының суға арналған резервуарына тұрмыстық сүзгіден қосымша тазалықтан өткен (минералсызданған) тек таза суды құйыңыз. Газдалған суды және хош иісті парфюмериялық қоспаларды немесе крахмал ерітіндісін пайдаланбаңыз.

Құрылғының пайдалану саласы


- Бұл киім үтіктеуге арналған тұрмыстық электрлік тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.
- Өндіруші құрылғыны дұрыс қолданбау немесе бұл пайдалану жөніндегі нұсқаулықта қарастырылмаған қолдану нәтижесінде пайда болған зақым үшін немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапкершілік тартпайды.
- Бұл киім үтіктеуге арналған тұрмыстық электрлік тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы кез келген мата түрін, киімдегі бүрмелерді үтіктеуге арналған. Құрылғыны белгілі бір матаның түріне немесе киімге қолдануға күмәндансаңыз, киімнің ішкі жағында орналасқан затбелгісіне назар аударыңыз. Онда затты қалай күту керектігі жайлы барлық мәліметтер жазылған, оның затбелгісіндегі жазба белгілерді басшылыққа алыңыз. Егер киімдегі затбелгісінде бұндай ақпарат болмаса, бұйымның материалы, яғни үтіктейтін матаның түрі белгісіз болса, сонымен бұйымның құрамын білмесеңіз, онда матаның шеткі бөлігін теріс жағынан үтіктеп тексеріп көріңіз.
- Жібек, велвет және барқыт секілді маталарды жібітіп үтіктеу барысында үтіктегіш құрылғыны үтіктейтін бұйымдан белгілі бір қашықтықта ұстаңыз.

Құрылғының жиынтықтылығы



- | | |
|-----------------------------------------------------------------------|---------|
| 1. Құрылғы | 1 дана. |
| 2. Құрылғының жиынтықтылығына кіретін бөлшектері мен керек-жарақтары: | |
| - қылшақ - қондырмасы | 1 дана. |
| - қолғап | 1 дана. |
| - белдемше және сым мен шалбар ілуге арналған қысқыш | 2 дана. |
| - киімдегі жаға мен жеңдерді (манжеттерді) үтіктеуге арналған тақтай | 1 дана. |
| 3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | 1 дана. |
| 4. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі | 1 дана. |
| 5. Кепілдік талоны | 1 дана. |

Құрылғының сипаттамасы




1. Субүріккіш ұстағышымен бірге;
2. Киім ілуге арналған иық-ілгіші;
3. Белдемше және сым мен шалбар ілуге арналған қысқышы бар иық-ілгіші;
4. Бу түтігі;
5. Телескоптық тіреуін бекітуге арналған бекіткіші;
6. Телескоптық тіреуі;
7. Қақпан тазарту қақпақшасы
8. Су ағызуға арналған саңылаудың тығыны;
9. Бу жіберудің қарқындылығын, яғни будың қуат режимдерін ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігі;
10. Құрылғының сыртқы корпусы;
11. Бу түтігін қорғау үшін арнайы арналған серіппесі;
12. Құрылғының суға арналған резервуары;
13. Құрылғының электр желілік баусымның айыртығыны;

Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау



- Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап алып шығарыңыз және оның ішінен және сыртынан барлық орама материалдарын алып тастаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның айыртығынын электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғының сыртқы корпусын сәл ғана ылғал шүберекпен сүртіңіз де, содан кейін құрғақ шүберекпен құп-құрғақ етіп, сүртіп шығыңыз.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны алғашқы рет пайдаланудың алдында, оның жұмыстық қабаттың жеткілікті түрде таза екендігіне көз жеткізу үшін, алдымен керек емес матаның шеткі бөлігін бұл құрылғы арқылы бумен жібітіп үтіктеңіз, бұл құрылғының жұмыс бетінің таза екендігін куәландыруға қажет.

Тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін вертикальды үтіктегішті құрастырып жинау

1. Бекіткіштің саңылауына телескоптық тіреуді орнатыңыз, телескоптық тіреуді жақсылап тірелгенше оны итеріңіз.



2. Тіреудің бекітпелік қапсырмаларын сәл ғана босаңсыту қажет, содан кейін бұл бекітпелік қапсырмаларын тіреудің әрбір бөлігін бекіту үшін белгілі бір қажетті ұзындыққа біркелкі етіп орналастырыңыз. Тіреудің әрбір бөлігін бекіту үшін оның бекітпелік қапсырмаларын басып жабыңыз.



3. Иық-ілгішті телескоптық тіреуге орнатыңыз.
4. Субүріккішті оның ұстағышына орнатыңыз..




Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру.

1. Құрылғының суға арналған резервуарын құрылғыдан ажыратып, шешіп алмас бұрын, ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы электрлік желіден ажыратылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе: Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру үшін ыстық суды қолданбаңыз. Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғының қызмет ету мерзімін арттыру мақсатында қайнаған немесе минералсызданған суды, әйтпесе, 3/1 есебіндегі тазартылған және ағын судың қосындысын пайдалануға кеңес беріледі.

2. Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғының жұмысы қалыпты болуы үшін оның суға арналған резервуарын сумен толтыру қажет. Суға арналған резервуарын құрылғыдан ажыратып, шығару үшін оны тұтқаларынан ұстап, жоғарыға қарай тартыңыз.
3. Құрылғының суға арналған резервуарын кері қаратып аударыңыз, оның қақпағын бұрап шешіңіз.
4. Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырыңыз да, оның қақпағын мықтап бұрап, тығыздап жабыңыз.
5. Суға арналған резервуарын құрылғының сыртқы корпусындағы өз орнына орнатыңыз.

Ескертпе: Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырған кезде су деңгейінің максималды мүмкін көрсеткішінен суды асыра құймаңыз.




Құрылғыны пайдалану


- Құрылғыны пайдаланбас бұрын, ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіштің негізіне еденде оның жылжуына кедергі болатын барлық заттарды алу қажет (ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы тегіс көлденең бетте/қабатта тұруы қажет).
- Қажет болса телескоптық тіреудің биіктігін реттеңіз, жұмыс барысында бу түтігі ілмектермен майыспауы тиіс, пайдаланушы осы жайтты ескеруі керек.
- Таза киімді иық-ілгішке іліңіз.
- Құрылғының желілік баусымның қоректендіру айыртығынын ашалы розеткаға жалғастырып қосыңыз.
- Бу жіберудің қарқындылығын, яғни будың қуат режимдерін ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігін, құрылғыдағы (жібек-мақта-зығыр) кез келген қалыпқа орнатып қойыңыз, осы сәтте тандалынған режимнің жұмыс индикаторы жанады.
- Қажетті будың шығу мөлшері, яғни бу жіберудің қарқындылығы тандалынған мата түріне сәйкес будың қуат режимдерін ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігінің (бу жіберудің қарқындылығын реттеуге арналған ауыстырып-қосқышының) көмегімен жіберілуі мүмкін.



- Егер будың қуат режимдерін ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігі (бу жіберудің қарқындылығын реттеуге арналған ауыстырып-қосқышы) ең жоғарғы (максималды) деңгейде тұрса, бу құрылғыда 40 секунд уақыт ішінде генерацияланады.
- Бүріккіштің саңылауларынан будың қарқынды түрде шығуын күтіңіз.
- Бүріккіштің тұтқасынан ұстаңыз. Құрылғыдағы субүріккіш шүмегі жағында орналасқан бу шығатын саңылауларының (құрылғыдан шығатын бу ағыны) Сізден қарама-қарсы жаққа бағытталуын қадағалаңыз.
- Матаға ұқыпты түрде бүріккішті (бу тұтқасын) тигізу арқылы үтіктеуді бастаңыз, үтіктеу барысында жоғарыдан төменге/төменнен жоғары қарай вертикальды әрекеттерді орындаңыз. Бу қыртыстарды жібітіп үтіктей отырып, матаның ішкі және сыртқы жағына өтеді. Бос қолыңызбен матаны түзеңіз, алдымен бос қолыңызға алдын ала қолғап киіңіз, содан кейін матаны дұрыстаңыз.



- Бу түтігі әркез тік қалпында болатындай үтіктеу үдерісін жүргізіңіз.



- Бу түтігінде жұмыс барысында бүлкілдеген дыбыс естілуі мүмкін. Бұл дыбыс бу конденсациясының қалыпты нәтижесі болып табылады. Егер Сіз бүлкілдеген дауысты бу түтігінен естісеңіз, конденсатталған буды құрылғыға қарай жылжытып босату үшін, бу түтігін жоғарыға қарай тік қалпында ұстаңыз.


Ескертпе: Құрылғының үздіксіз жұмыс жасау уақыты 40 минутты құрайды. Құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру үшін, алдымен құрылғыны сөндіріңіз, ол үшін қуатты ауыстырып қосатын тетігін «0» қалыпқа орнатыңыз да, құрылғының электр желілік баусымын тоқ көзінен ажыратыңыз.

Құрылғының жиынтықтылығына кіретін бөлшектері мен керек-жарақтары

Қылшақ - қондырма

Түктерді жоюға арналған қылшақ-қондырма киімдерді немесе кез келген заттарды шаштан, жануарлардың жүнінен мінсіз тазартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ киім түктерін, яғни киімнің оң бетіндегі шығыңқы түктерді және одан да, киімнің ұсақ кірін ұқыптап кетіріп жояды.

- Қылшақ қондырманы бу тұтқасына орнатыңыз. Қылшақ қондырманы бу тұтқасына орнатқаннан кейін оны бекітіңіз, ол үшін қылшақ қондырманың төменгі бөлігіне жай ғана баяу басу арқылы оны бу тұтқасында бекітіңіз, қондырманың төменгі бөлігін басу барысында оның бекітілгенін білдіретін шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілуі керек, қылшақ қондырма бекітілді деген дыбыс шықпайынша басыңыз.



- Түктерді жоюға арналған қылшақ-қондырманы пайдалану арқылы матаны тазарту үдерісін асықпай жүргізіңіз, матаның түрін және матаның талшықтарының тігіс бағытын, сондай-ақ мата талшықтарының фактурасын (матаның құрылым сипатын) ескеру қажет.
- Қылшақты тазалау үшін оны матаның үстімен кері бағытқа қарай жүргізіңіз. Бұл мақсатқа қажет емес, ескі матаның бөлігін пайдалануға кеңес беріледі.
- Түктерді жоюға арналған қондырма-қылшақтың көмегімен жиһаз қаптауышының сыртқы кейпін жақсарту аласыз, бұл қылшақпен тазалау және будың қалың және қатқыл маталарға (маталар құрылымына) терең енуінің арқасында жүзеге асады.
- Түктерді жоюға арналған қылшақ-қондырманы құрылғыдан шешіп алмас бұрын, ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны электр қоректендіру желісінен ажыратыңыз және ол толық суығанша күте тұрыңыз. Содан кейін қылшақ қондырманың төменгі бөлігіндегі батырма бекіткішін басып, қондырманы алға қарай тартып алыңыз.

Киімдегі жаға мен жеңдерін (манжеттері бар) бөліктерін үтіктеуге арналған тақтай

Егер, сіз үтіктейтін киімнің матасы сирек кездесетін болса немесе киімнің бір бөлшегі үтіктеу үшін өте күрделі болса, мысалы жағасы мен қалталары, манжеттері, желбіршектері және түймелері бар қойлектерді ыстық бумен булап үтіктеп алу үшін оған киімдегі жаға мен жең (манжет) бөліктерін үтіктеуге арналған тақтайды пайдаланыңыз, сонымен қатар дайын бұйымның әдібін ішінен, жағасын сыртынан үтіктеу қажет екенін есіңізде сақтаңыз. Сондай-ақ киімдегі түймелердің арасындағы матаны немесе киімнің матасында түрлі әшекейлер тастар бар болса, мұндай бұйымды, яғни бүрмемен, жапсырмамен және т.б. бұйымдармен безендірілген заттарды (киімді, матаны) тақтаның үстіне безендірілген жағымен жайып салыңыз да, оларды ішкі бет жағынан үтік арқылы үтіктеңіз, ал ыстық бумен булап үтіктелетін киімнің/бұйымның ішін сыртқа шығарыңыз да, бұл киімді немесе бұйымды ішкі жағынан ыстық бумен жібітіп булап үтіктеу қажет, киімді иықтарымен ілгішке іліңіз де, ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегішті матаның бойымен жоғарыдан төмен қарай жүргізіңіз. Осылайша сіз үтіктеу барысында керемет нәтижеге қол жеткізе аласыз.

Құралды пайдаланып болғаннан кейінгі кеңестер

- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін оны сөндіріңіз (қуатты ауыстырып қосатын тетігін 0-қалыпқа орнатыңыз, сол кезде оның қоректендіру индикаторы сөнеді) содан кейін құрылғының электр желілік баусымын электр қоректендіру желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғымен жұмыс жасап болғаннан кейін бу тұтқасын оның ұстағышына іліңіз, осылайша бу түтігін тік қалпында орналастырып бекітіңіз.
- **Әр жолы ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны сақтауға алып қоймас бұрын, оның суды ағызатын саңылау арқылы резервуардағы қалған суды ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберіңіз, сондай-ақ суды ағызып жіберетін саңылауы арқылы бойлерден де суды төгу қажет.**
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік құрылғыны, оның суға арналған резервуарының тұтқасынан ұстап, тасымалдауға және оның орнын алмастыруға тыйым салынады.

Суды ағызуға арналған саңылауының тығының пайдалану

Құрылғыдан қалған суды төгіп тастамас бұрын, құрылғыдан оның суға арналған резервуарын ажыратып, шешіп алыңыз және су резервуарындағы суды ағызуға арналған саңылауының тығының алып, құрылғының суға арналған резервуарында қалған суды оның суды ағызатын саңылау арқылы шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберу қажет. Содан кейін суды ағызуға арналған

саңылауының тығының сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз да, оны өзіңізге қарай тартып шығарыңыз, осылайша Сіз бойлердегі қалған суды оңай түрде суды ағызып жіберетін саңылауы арқылы бойлерден де төге аласыз.

Құрылғының суға арналған резервуарынан және бойлерден қалған суды шұңғылшаға толығымен төгіп, ағызып жіберген соң, үтіктегішті кейінгі пайдалану барысында судың төгілмеуі үшін тығынды су резервуарындағы суды ағызуға арналған саңылауына орнатыңыз да, саңылауының тығыны тірелгенше, оны сағат тілінің бағытымен бұраңыз.

Құрылғыны тазарту және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар

- Құрылғыны бөлшектемес бұрын немесе тазартудың алдында құрылғыны міндетті түрде сөндіріп, электр ток көзінен ажыратыңыз, содан кейін ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы суығанша, кем дегенде 5 минут күте тұрыңыз.
- Құрылғының сыртқы корпусын, оның бу құбыршегін (бу түтігін) және құрылғының қондырмаларын жұмсақ, сәл ғана ылғал шүберекпен сүрту қажет.
- Құрылғыны және оның бөлшектері мен керек-жарақтарын жылы сумен жуып тазартыңыз және таза сумен шайып шығыңыз, тазарту барысында органикалық еріткіштерді және абразивті заттары бар жуғыш құрылғыларды немесе тазартқыш заттарды пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғыны ең жақсы функционалды формада ұстау үшін тұрақты түрде құрылғыны қақтан тазалаңыз. Қақтан тазалау үдерісінің жиілігі қолданылатын су сапасы мен құрылғының пайдалану жиілігіне байланысты. Құрылғыны қақтан кем дегенде жылына бір рет немесе құрылғыны әр 50 сағат сайын пайдаланғаннан кейін тазартуға кеңес беріледі.

Құрылғыны қақтан тазарту үшін келесідей әрекеттерді орындаңыз:

1) Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны электр қоректендіру желісінен ажыратыңыз, құралдың толық суығанына көз жеткізіңіз. Құрылғының телескоптық тіреуін жинаңыз.

2) Құрылғыдан оның суға арналған резервуарын ажыратып, шешіп алыңыз. Құрылғының суға арналған резервуарын тек таза сумен толтырыңыз, содан кейін оны құрылғының сыртқы корпусындағы өз орнына қайта орнатыңыз. Осылайша, корпусының ішіндегі орнатылған бойлер судың белгілі бір мөлшерімен толады.


3) Құрылғының сыртқы бөлігінен суға арналған резервуарын қайтадан ажыратып, шешіп алыңыз, бойлердегі суды құрылғының астыңғы жағында орналасқан суды ағызып жіберуге арналған саңылауы арқылы шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберіңіз. Құрылғыны осы жолмен қақтан тазартыңыз.

4) Құрылғының ішінен, яғни құрылғының суға арналған резервуарынан және бойлерден қак толығымен жойылғанша, бұл тарауындағы 2 және 3 тармағында сипатталған тазарту әрекеттерді бірнеше рет қайта орындап жалғастырыңыз.

Ескертпе: Дүкендерде сатылатын бумен жібітетін үтіктегіш пен электрлі шайнектерге арналған қақтан тазарту құралдары бұл құрылғыны әрбір 50 сағат жұмыс істеуінен кейін қақтан тиімді түрде тазартуға мүмкіндік береді.

Назар аударыңыздар: Құралды қақтан тазарту үдерісін орындап болғаннан кейін суды ағызуға арналған саңылаудың қақпақшасын мықтап жабуды ұмытпаңыз. Бұл құрылғыны келесі жолы пайдалану барысында судың төгілмеуі үшін қажет.

Ескертпе: Бу тітіркену әрекеттеріне алып келмеуі үшін лимон қышқылы негізіндегі тазарту құралдарын пайдаланыңыз.



Құрылғыны сақтау және тасымалдау жөніндегі ережелері

Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелері

- Әр жолы ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны сақтауға алып қоймас бұрын, әркез оның суды ағызатын саңылау арқылы су резервуардағы қалған суды шұңғылшаға төгіп, ағызып жіберіңіз.
- Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегішті тік қалпында, құрғақ, салқын жерде сақтаныз, сақтау барысында құрылғының бу құбыршегі (бу түтігі) майыспауы қажет, құрылғының бу құбыршегі (бу түтігін) дұрыс сақтау үшін оны жақсылап тарқатыңыз.
- Электрлік құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлік құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелері

Электрлік құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Құрылғыны тасымалдау барысында оның түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Электрлік құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылуы қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлік құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар

Ескертпе: Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электрлік құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтары белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

Бұл ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері

Бұл ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғыны тауар ретінде сатып, өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

Егер сізде қандай да бір қыйындық туындаса

Егер қандай да бір кішкене мәселе туындайтын болса, оның пайда болу себебі анықталғанда, әдетте, бұл мәселе оңай түрде шешіледі.

АҚАУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР	АҚАУЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА МҮМКІН СЕБЕПТЕРІ	АҚАУЛАРДЫ ЖОЮҒА АРНАЛҒАН МҮМКІН ШЕШІМДЕРІ
Құрылғыдан бу шықпайды.	<p>Құрылғы іске қосылмаған шығар, тексеріңіз.</p> <p>Құрылғының суға арналған резервуары бос, яғни құрылғының су резервуарында су жоқ шығар, тексеріңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Құрылғының электр қоректендіру желісіне дұрыс қосылғандығына көз жеткізіңіз. Бу жіберудің қарқындылығын, яғни бу жіберудің режимдерін ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігін (жібек-мақта-зығыр) қалпына ауыстырып, орнатыңыз. Осы сәтте құрылғы тоқ көзіне қосылып тұрғанын көрсететін қоректендіру индикаторы жануы тиіс. • Бу құбыршегінің (бу түтігінің) майысып, бүгілмегеніне көз жеткізіңіз. • Құрылғыны сөндіріп, оның электрмен қоректендіретін электр желілік баусымын электр желісінен ажыратыңыз да, құрылғы суығанша күте тұрыңыз, құрылғының салқындауына кем дегенде 5 минут уақыт беріңіз, содан кейін құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырыңыз.
Құрылғыдан бу аз мөлшерде шығады.	<p>Құрылғыны сумен жүйелі түрде жуып тазаламау салдарынан ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегіште қақ пайда болды.</p> <p>Құрылғының суға арналған резервуары бос, яғни құрылғының су резервуарында су жоқ шығар, тексеріңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегішті кем дегенде жылына бір рет немесе құрылғыны әр 50 сағат сайын пайдаланғаннан кейін қақтан тазалап тұру қажет. Егер пайдаланатын су кермек болса, құрылғыны қақтан жиі түрде тазалауыңыз қажет. • Құрылғыны сөндіріп, оның электрмен қоректендіретін электр желілік баусымын электр желісінен ажыратыңыз да, құрылғы суығанша күте тұрыңыз, құрылғының салқындауына кем дегенде 5 минут уақыт беріңіз, содан кейін құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырыңыз.
Бу қылшағының саңылауынан су ағады.	Құрылғының бу құбыршегінде (бу түтігінде) конденсат жиналып қалды.	Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегішті көлденең қалыпта пайдалануға тыйым салынады. Бу түтігін тік, тартылған күйінде су қайта үтіктегішке қарай ақпайынша ұстап тұрыңыз.
Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегіш баяу қызады.	Құрылғыны сумен жүйелі түрде жуып тазаламау салдарынан ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегіште қақ пайда болды.	Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін электрлік үтіктегішті кем дегенде жылына бір рет немесе құрылғыны әр 50 сағат сайын пайдаланғаннан кейін қақтан тазалап тұру қажет. Егер пайдаланатын су кермек болса, құрылғыны қақтан жиі түрде тазалауыңыз қажет. Егер де, пайдаланатын судың құрамында түзілген тұнбаның әкті түзілімдер болса, яғни минералдық тұздардың мөлшері тым көп болса құрылғыны қақтан жиі түрде тазалауыңыз қажет.

Ескертпе: Ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл электрлік құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға өз септігіңізді тигізесіз.

Құрылғының техникалық сипаттамалары

PGS 2230VA – POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін үтіктегіш құрылғы.

Кернеуі: 220 – 240В.

Жиілігі: ~50 Гц.

Қуаттылығы: 2200 Вт.

Суға арналған резервуарының көлемі (сыйымдылығы) – 1800 мл.

Қорғаныс жіктелімі – I.

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

Сертификаттау жөніндегі ақпарат

Құрылғы РФ нормативті құжаттарына сәйкестікке сертифицикатталған.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:

3 жыл.

Кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап санағанда **1 жыл.**

Өндіруші:

Поларис Корпорейшн Лимитед/ POLARIS CORPORATION LIMITED
Блок 1801, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг
Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Құрылғының өңделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртында, оның техникалық төлқұжатында көрсетілген.

Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағындағы өкілетті өкілі

ООО «ДС-Сервис»

109518, г. Москва, Волжский б-р, д.5

Телефон единой справочной службы 8 800 700 11 78

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: **Киім үтіктеуге арналған тігінен ыстық бумен жібітіп булап үтіктейтін вертикальды үтіктегіш құрылғы**

Үлгісі: **PGS 2230VA**

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 12 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды болып есептеледі:

1. Кепілдік міндеттеме «POLARIS» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан)
2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сондай-ақ бұйымның сыртқы түрінің өзгеруіне, яғни құрылғының бетінде сыртқы өзгерістер болған жағдайда таралмайды, егер де:
 - Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қауіпсіздік техникасының ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Пайдаланатын судың құрамында минералдық заттардың үлесі жоғары мөлшерде болған әсерінен минералдық түзілімдер мен әк шөгінділерінің, су тастары мен қақ, түзілген тұнбаның әкті түзілімнің салдарынан туындаған бүлінулер мен құрылғының сыртқы не ішкі қандай да бір өзгерістер байқалған жағдайда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе кара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қорғаныс экрандары, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар тозған жағдайда, сондай-ақ, басқа да бұйымдардың бөлшектері мен бөліктері тозғанда және олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
 - Бұйымды тексеру барысында құрылғыда немесе оның құрастырылымда өзгерістер немесе бөгде бұзу іздері анықталған жағдайда, яғни бұйым ашылып, бөлшектеніп, қайтадан құрастырылып жиналған болса, сондай-ақ құрылғыны өзбетіңізбен жөндеген жағдайда немесе бұл пайдалану жөніндегі нұсқаулығында қарастырылмаған жөндеу жұмыстарын бөгде тұлғалардың тарапынан, яғни өкілетті қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын фирмалар өздігінен жүргізген болса немесе қандай да бір жөндеу жұмыстарын жүргізуге тырысқан жағдайда.
5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақауы табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды. POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылғының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет. Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ, модификациялау (жаңадан жасау; қайта жасау; қайта құрастыру; түрлендіру, өзгерту) құрылғының түрін өзгертіп, түрлендіру әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.

* Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru.